

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Мәншүк МӘМБЕТОВА

ТІЛДІК ҚАТЫНАС

Оқу-әдістемелік құрал

Алматы
«Қазақ университеті»
2011

ББК 81.2 – 923
М 18

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор *А.М. Алдашева*
филология ғылымдарының докторы, профессор *Б.К. Мұрзалина*
филология ғылымдарының докторы, доцент *Л.М. Шайкенова*

Мәмбетова М. Қ.

М 18 Тілдік қатынас: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 70 б.
ISBN 978-601-247-320-9

Оқу-әдістемелік құралда «Тілдік қатынас» пәнінің мазмұны, бақылау сұрақтары мен өздік жұмыс тапсырмалары, әдебиеттер мен терминдер тізімі, қысқаша ұғымдық-терминологиялық анықтамалық және тест сұрақтары беріледі.

Оқу-әдістемелік құрал бакалавриат студенттері мен магистранттарға, тілдік қатынас мәселелерімен айналысатын PhD докторанттары мен оқытушыларға ұсынылады.

ББК 81.2 – 923

ISBN 978-601-247-320-9

© Мәмбетова М.Қ., 2011
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011

ТҮСІНІК ХАТ

«Тілдік қатынас» пәні филология факультетінің «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 2-курс студенттерінде оқытылатын міндетті базалық пән болып табылады.

Тілдік қатынас мәселелері қазіргі тіл біліміндегі аса қызықты және күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Соңғы лингвистикалық статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, дүниежүзі жүзінде 3500-7000 арасында тіл бар деп есептеледі. Дүниежүзі тілдерінің нақты санының айтылмай, осындай алшақтықтың болуынан-ақ тілдің құбылмалы, өзгермелі құбылыс екендігін байқауға болады. Өзгерістердің тілдік қатынас салдарынан да болатындығын тіл мамандарының айтып жүргеніне біраз уақыт болды. Жер бетінде өмір сүретін халықтар бір-бірімен әртүрлі бағыттағы қатынасқа түсетіні белгілі, атап айтқанда, тарихи, мәдени, сауда-саттық, экономикалық, діни, оқу-ағарту және т.б. Әртүрлі халықтардың бір-бірімен қатынас жасауы арқылы олардың тілдік жүйелері де өзара қатынасқа түседі. Мұндай тілдік жүйелердің өзара қатынасы тілдің әртүрлі қабаттарындағы элементтерді зерттеуде неғұрлым айқын көрінетінін зерттеулер көрсетіп отыр. Тілдік қатынас – қазіргі тіл біліміндегі тілдің тарихи даму жолындағы аса маңызды сыртқы факторлардың бірі болып табылады және ол – қоғам дамуымен тығыз байланысты күрделі әрі көпсатылы үдеріс.

Аталмыш құрал қазіргі тіл біліміндегі тілдік қатынас мәселесінің өзектілігін негіздейтін түсінік хаттан, пәннің мазмұнынан, оның ішінде дәріс сабақтары мен семинар сабақтарының мазмұнынан, өздік жұмыс тапсырмаларынан, бақылау сұрақтары мен тест тапсырмаларынан, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінен, сондай-ақ студенттің пәнді оқу барысында меңгеруі тиіс терминдер тізімінен, тілдік қатынас теориясының негізгі ұғымдық-терминологиялық аппаратының қысқаша анықтамалығынан тұрады. Дәріс сабақтарында тілдік қатынасты теориялық тұрғыдан тұжырымдаумен байланысты күрделі мәселелер камтылса, семинар сабақтарында студенттер әртүрлі ғылыми